

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016»** атты  
XI Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XI Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»**

PROCEEDINGS  
of the XI International Scientific Conference  
for students and young scholars  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір  
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2016»  
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XI Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS  
of the XI International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2016»**

**2016 жыл 14 сәуір**

**Астана**

**ӘӨЖ 001:37(063)**

**КБЖ 72:74**

**Ғ 96**

**Ғ96** «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – .... б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-764-4**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**ӘӨЖ 001:37(063)**

**КБЖ 72:74**

**ISBN 978-9965-31-764-4**

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2016

интернационализации и глобализации также некоторые корейцы проживающие зарубежом мигрировали обратно в родную страну.

С повышением уровня иммиграции в Корею, корейские «настроения» в отношении иностранцев изменились. До прошлого века, большинство корейцев гордились тем, что они были гражданами одной расы, но теперь общественное мнение в корейском обществе меняется и приходит зрелое осознание мультикультурного общества. Корея не может, но продолжает принимать иммигрантов в свою страну, и социальный консенсус, о том что иностранные граждане должны быть приняты в качестве членов общества развивается.

#### **Список использованных источников:**

1. Еремин А.А. Демография. – Барнаул, 2013. С. 94
2. Ю.Платонов. Социологический глоссарий к книге "Народы мира в зеркале геополитики". СПб.: Изд-во С.-Петерб. ун-та, 2000. 432 с.
3. Jung-Eun Oh·Dong Kwan Kang·Julia Jiwon Shin·Sang-lim Lee·Seung Bok Lee·Kiseon Chung. Migration Profile of the Republic of Korea. – January 2012. The Migration Research and Training Centre of the International Organization for Migration (IOM MRTCTC).
4. KOSIS – Korean Statistical Information Service <http://kosis.kr/eng/>
5. Statistics Korea <http://kostat.go.kr/portal/eng/>

ӘОЖ 338.1(510)

### **АШЫҚ ЕСІК РЕФОРМА САЯСАТЫ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚЫТАЙДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ**

**Шаңбатырова Самал Мұхатайқызы**

[Samal.18@mail.ru](mailto:Samal.18@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультеті Шығыстану  
кафедрасының студенті

Ғылыми жетекші – Қайыркен Тұрсынхан Зәкенұлы

Қазіргі таңда келіп жеткен ХХІ ғасырды Қытайдың гүлденіп, өркендеу ғасыры деп атайды. Бірқатар мемлекеттер бұл шығыс еліне сүйіспеншілікпен қараса, бірқатар елдер қорқынышпен, күмәнмен, қызғанышпен қарайды. Қытай экономикасының тез қарқынмен дамуы кездейсоқтық емес және де болашақтағы дамуының заңды салдары болып табылады. Тамырын тереңге жайған ұлы өркениеті, ежелгі тарихы аспанастаны елін дүние жүзі мойындаған державаға айналуына ықпал етті.

Қытай өз дамуының жаңа ширағында даму үдерісінің жаңа жүйесін сезіне алды. VIII-IX ғасырларда гүлденіп шарықтаған Цинь империясының тәкаппарлығы мен Мао Цзэдунның идеологиялық мессиандығы және гегемондылығынан үзілді-кесілді бас тартқан аспанастаны елі заманауи жаһандық әлемге жаңарған Қытайдың интеграция жөнінен сындарлы міндеттері мен мақсаттарын айқындады.

1976 жылы қыркүйекте Мао Цзэдун қайтыс болғаннан кейін Қытайдың экономикалық жағдайы қуантарлықтай нәтиже бермеді. Аграрлық сектор басым көрініс тапқан көне экономика, Шыңжаң-Ұйғыр автономдық республикасы мен Тибеттегі тұрақсыздықтар, көрші елдер жағынан гегемондылық саясаттың жүргізілуінен туындаған қастық қарым-қатынас, халықтың сауатсыздығы мен өмір сүру деңгейінің нашарлығы – осының барлығы Маоның жүргізген саясатының осал тұстарын көрсетті. Сол жылдары елде 120 миллиондай адам жұмыссыз, 200 миллиондай адам аш болды. Халықтың орташа өмір сүру ұзақтығы 35-40 жасты құрады. Қытай шаруаларының көпшілік бөлігі жерді қарапайым ағаш соқымен өңдеген елдердің алдыңғы шебін бастап тұрды. Ауыр өндіріс пен әскери индустрияға бағытталған экономиканың салдарынан қарапайым халық жапа шекті.[1]

Ұзақ жылдар өте Қытай қоғамында алғаш рет неліктен көптеген жылдар бойы социалистік жүйе негізіндегі даму жағдайы мен бүкіл қытай халқының жанкешті, қайсарлы еңбегіне қарамастан айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізе алмадық, неліктен жанға қаяу түсіретін кедейлік пен артта қалушылықтан құтыла алмадық деген сұрақтар ашық, еркін талқылана бастады. Осы секілді пікірталастарға ерекше рең берген, Қытай Халық Республикасының қызығушылықпен көз салатындай даму деңгейіне жетуінің басты себепкері, кедей және әлсіз елге абырой мен мәртебе алып келген, XX ғасырдағы Қытай дамуында маңызды, шешуші рөл атқарған, көне грек пәлсапасышы Гераклиттің «Үш мәрте жазаланып, үш мәрте саяси ғайыптылықтан шығып қайта өркендеп, екі мәрте бір өзенге кіру мүмкін емес» деген атақты нақыл сөзінің осалдылығын өз тәжірибесінде дәлелдей білген тұлға Дэн Сяопин болатын. Дэн Сяопиннің ұсынған ашық есік реформалар саясаты Қытай қоғамының тез қарқынмен алға басып, артта қалған салаларын жоғары деңгейге көтеруге септігін тигізген жалғыз саясат деп айтса, артық болмас еді.

Қытай Халық Республикасына 1978 жылғы ҚКП Орталық комитетінің 11-кезекті, 3- пленумы үлкен өзгерістер алып келді. Осы пленумнан кейін Дэн Сяопиннің басшылығымен біртіндеп халықтың мүддесін қорғайтын экономикалық реформалар жүргізіле бастады.

1978 жылы Қытай коммунистік партиясының Орталық комитетінің 11-шақырылым 3- пленумында жұмыстың басым бөлігін социалистік модернизация мен реформа және ашықтық саясатын жүзеге асыруға аудару туралы стратегиялық шешім қабылданды. Реформа ауылдан басталды. Отбасылық мердігерлік жүйесі мен орталықтанған басқару мен орталықтанбаған шаруашылық жүргізудің үйлесуімен ерекшеленетін шаруашылық жүргізудің жаңа механизмі енгізілді. Ауыл шаруашылық және өнімдерін орталықтан дайындау біртіндеп қысқартылды. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің елеулі бөлігінің бағасы нарық арқылы реттелінді. Ауыл өндірісінің құрылымы реттелінді. Сондай-ақ көп көңіл волосттық-ауылдық кәсіпорындардың диверсификациясы мен дамуына бөлінді. Бұл шаруалардың өндірістік белсенділігін максималды арттырды. Реформа және ашықтық саясатын жүзеге асыру жылдары барысында Қытай үкіметі жеңіл өнеркәсіптің басым дамуы, жоғары сапалы тұтынушылық тауарлардың импортын кеңейту, базистік өнеркәсіптік салалар мен инфрақұрылымды құруды күшейту, үшінші индустрияны жан-жақты дамыту үшін кешенді шаралар ұйымдастырды.[2]

Реформа ең әуелі ауыл шаруашылығының тез қарқынмен дамуын және ауыл шаруашылығы өнімдерінің жақсарылуын қамтамасыз етті. 1978-жылдан 1984-жылға дейін ауыл шаруашылығының жалпы өнім құнын өзгермеген баға бойынша есептегенде 42,23%-ға артқан, мұның 46,89%-ы отбасылық мердігерлік өнімділігінен болған, ал химиялық тыңайтқыштың өнімділігі 32,5% еді. 1978-жылдан 1984-жылға дейін астықтың жылдық өнімі 300 миллион тоннадан 400 миллион тоннаға, мақта 2 миллион 170 мың тоннадан 6 миллион 260 мың тоннаға, майлы дақыл 5 миллион 220 мың тоннадан 11 миллион 910 мың тоннаға жеткен. Мұнан қалса, аграрлық реформасы диқандар кірісінің 15,1% пайызы құрады, диқандар кірісінің ең аз артқан мезгілі болды. Ауылдардағы кедей халық саны жылына 16,4%-ға тез қарқынмен азайды. 1984 жылы ауыл қыстақтардағы кедей халық саны 1978-жылғы жалпы халық санының 33,3% ұстайтын салыстырмадан 11%-ға төмендеді. Реформаның тағы бір өнімділігі ауыл шаруашылық өнімдерімен қамтамасыз ету мен диқандар кірісінің артуы тұтас халық шаруашылығының артуына әсер етті. Санды мәліметке қарағанда, қытай халық шаруашылығының жылдық арту мөлшері 6%-ға жетті. Мұнда аграрлық экономикасының арту үлесі 37,3% болған, ал реформадан кейінгі 1978-жылдан 1988-жылға дейін халық шаруашылығының кірісі, жылына 9,2%-ға артқан, ауыл экономикасының арту үлесі 63,7%-ға жеткен, қала реформасы жаппай өрістетілуден бұрын ауыл реформасының ілгері жүргізілуі ең әуелі диқандар отбасы мен ауыл-қалалық кәсіпорындары сияқты дамыған механизмі бар экономикалық тұлғаны қалыптастырып, базар шаруашылығын дамытуға негіз қалады. Тұтас экономикалық реформасын тездету үлгілік рөл атқарды.

1990-жылдың басында Қытай ауыл шаруашылығы және ауыл экономикасы көптеген қиындықтармен кездесті, алайда дамудың оң үрдістерін сақтай білді. 1996-2000 жылдарда ауыл шаруашылығының ЖҰӨ бойынша қосылған құны 5 жыл бойы 7,12918 трлн юаньді құрады. Салыстырмалы бағалар бойынша, орташа жылдық өсім 3,5% құрады, тұрақты даму тенденциясы сақталынды. Бірнеше жыл қатарынан астық және басқа да ауыл шаруашылық өнімдері жақсы алынды. 2003 жылы егіс алқаптарының азаюы және табиғи апаттардан астық өндірісі белгілі бір дәрежеге қысқарды, дегенмен 430,70 млн. тоннаға жетті. Қазіргі таңда Қытай астық, мақта, рапс, арахис, ет, жеміс өндірісінен әлемде бірінші орынға шықты.

Өндірістің дамуымен ауыл шаруашылық өнімінің адам басына шаққандағы көлемі өсті. 2003 жылы орта есеппен адам басына 334 кг астық, 42,7 кг ет, 13,6 кг сүт және 36,5 кг акваөнімдерді құрап, орташа әлемдік деңгейден асып түскен. Қазіргі таңда Қытай ауыл шаруашылық өнімдерінің көп түріне ұзақ уақыт бойы дефицит кезеңінен жаңа кезеңге өтеді.

2001 жылы Қытай ДСҰ-ға ресми мүше болған соң, ауыл шаруашылық бәсекелестігін арттыру үшін үкімет ауыл шаруашылығын қайта құру стратегиясын жүзеге асыруда, ғылыми-техникалық прогрестің қарқынды дамуы, ғылыми-техникалық жаңалықтар мен ауыл шаруашылық өнімдерін өнеркәсіптік бағытқа көшіру үшін қаржы мен материалдық ресурстар құйылуда. Ғылым мен техника министрлігінің ұсынылған негізгі ауыл шаруашылық өнімдерін өңдеу жобасы 10-бесжылдықтың басты ғылыми-техникалық бағдарламаларының қатарына енгізілді. Ол бойынша астық, май шикізаты, жеміс, көкөніс, мал шаруашылық өнімдері, орман шаруашылығы өнімдері және т.б. ауыл шаруашылық өнімдерін өңдеуге арналған маңызды технологиялар мен құрал-жабдықтарды зерттеуді жалғастыру, үдеріс сапасы мен ауыл шаруашылық өнімдерін экспресс-сараптамасына арналған технологиялар мен құрал-жабдықтарды қадағалау жүйесін жасақтау қарастырылған.[3]

Қытай экономикалық реформасының тың тәжірибесі – арнайы ашық экономикалық аймақтардың құрылуы. Ашық экономикалық аймақтар сыртқа ашық есік ашу саясатының «тәжірибелі аумағына» айналды.

1979 жылдың шілдесінде қызмет істеуін акционерлік бастамада қарастыратын бірлескен кәсіпорындардың заңнамасы қабылданды. Гуандун және Фуцзянь провинциялары «ашықтық» саясатына эксперимент жүргізетін аумақтар ретінде кездейсоқ таңдалынған жоқ. Бұл аймақтар оңтүстік-шығыс жағалау аумақтарында орналасқан, және де көрші Гонконг пен Аомында тұратын біршама эмигранттардың отаны болып табылады. Оңтүстік-шығыс аймақтарының артықшылықтарын одан бетер айқындап көрсету үшін осы өңірде алдын-ала сыртқы ашық есік саясатын жүргізген болатын. Сол уақытта Гуандун және Фуцзянь провинцияларында айрықша саясаттың енгізілуіне байланысты осы өңірде қосымша 4 ашық экономикалық аймақ құру туралы шешім қабылданды, нақтырақ айтқанда, Шэньчжэнь, Чжухай, Шаньтоу және Сямэнь қалалары экономикалық аймаққа айналды.

1984 жылы жағалауда орналасқан 14 қала ашық аймақ статусын алды. Ол қалалардың тізімінде елдің ішкі аймақтарына жол ашатын «қақпа» ретінде қызмет етуге бағытталған Далянь, Циньхуандао, Тяньцзинь, Янтай, Циндао, Ляньюньган, Наньтун, Шанхай, Нинба, Вэньчжоу, Гуанчжоу, Чжаныцзян және Бэйхай қалалары бар. Бұл қалалар экономикалық саясатын жүргізу үшін бірқатар еркіндіктерге ие болды. Шетел капиталының ағынын реттейтін, қосымша жеңілдіктер мен кіріс салығын шектейтін, жердің жалға беру бағасын белгілейтін заңнамалық акт қабылдау құқығын иеленді. Ашық экономикалық қалалар экспорттың 40%-ын және жағалау порттарындағы жүк айналымының 100%-ын береді.

1986 жылдың қазан айында Мемлекеттік кеңес шетел инвестицияларын ынталандыру туралы Заң қабылдады. Қабылданған заң бойынша, экспортпен және алдыңғы қатарлы технологиялармен айналысатын кәсіпорындарға қосымша жеңілдіктер берілді. 1986 жылдан бастап, мемлекет барлық ашық экономикалық аймақтарда инвестициялардың салалық құрылымдарын еселеп реттей бастады. 1990 жылы Қытай үкіметі өндіру қарқынын нығайту мақсатымен Шанхайдағы Пудун аймағын ашуға бел буды. Янцзы өзенінің бойындағы қалалар ашық экономикалық қарым-қатынастар жүргізуге ашылып, Пудунға тиянақталған

Янцзы бойы ашық экономикалық аймаққа айналды. Бұл аймақ қаржы және бизнеске қызмет көрсету секторларын дамытуға бағытталды. Сол жылы ашық сауда аймақтары ұйымдастырылды. Алғаш ұйымдастырылған сауда аймағы Шанхайдағы Пудун ауданының жаңа аймағы Вайгаояода болды. 1987-1991 жылдар аралығында жалпы алғанда 16,7 миллиард доллар салынды.

1992 жылдан кейін, экономикалық аймақтардың ашықтығы тағы да жаңа даму кезеңін бастан кешірді. Шетел инвестицияларын тарту үдерісі көшкін тәрізді сипатқа ие болды. Осы кезеңді ашық экономикалық аймақтар дамуының және шетел инвестицияларын тартудың «алтын дәуірі» деп атайды. Шетел кәсіпорындарының саны 240 мыңға дейін өсті. Бұл кезеңде ашық экономикалық аудандарды қаржыландыруға 151,5 миллиард доллар жұмсалды.

1993 жылдан бері Қытай шетел инвестицияларын тарту бойынша дамушы елдердің қатарын бастап келеді. Эй Ти Керни атты консалтингтік компанияның мәліметі бойынша, Қытай 2001 жылдан бері шетел инвестицияларын тарту саласының тартымдылық индексі бойынша әлемде бірінші орынға ие. Қытайдың тартымдылық индексіне ықпал ететін 3 негізгі фактор бар. Олар: нарық көлемі, экономикалық өрлеу қарқыны, экономикалық саясаттың тұрақтылығы. 2001 жылдың соңғы ширегінде Қытайда шетелдік инвестиция тартылған 202,3 мың кәсіпорын жұмыс істеді. Оларда қала халқының 10%-ы қызмет атқарды. Шетел кәсіпорындарынан түсетін түсім артты. 2001 жылы олардың салық түсімдері мен экспорт көлемі мемлекет бойынша 4,25% және 17,4%-дан, 19% бен 50%-ға жетті. Әлемнің 500 ірі ұлтаралық компанияларының 400-і Қытайға инвестицияларын құйды.

2005 жылдың соңына қарай Қытай үкіметі шетелдік инвестицияны тарту арқылы туристік компаниялардың құрылуы жөнінде шешім қабылдады. Олардың қалыптасуы мен жұмыс атқаруы ҚХР-дың ССМЭС және Мемлекеттік басқармасымен бірігіп жасалды. Туристік компаниялар капиталының кем дегенде 51%-ы Қытай жағына тиесілі болу керек. Осыған сәйкес қойылатын талаптар да қатаң: шетелдік компанияларға – жылдық кіріс 50 миллион доллардан кем болмауы керек, қытайлық компанияларға – жылдық кіріс 50 миллион юаньнан кем болмауы тиіс. Бірлескен кәсіпорын құруға АҚШ, ГФР, Жапония, Гонконгтың бірқатар турфирмалары тапсырыс берді. 2005 жылы ҚХР-ға 63,4 миллион туристер келді, олардан түскен пайда 12,4 миллиард долларды құрады. Ішкі туристердің саны 694 миллион адам, түскен пайда 239 миллиард юань.[4]

Қазіргі таңда Қытай Дүниежүзілік сауда ұйымының мүшесі болып табылады, және де әлемдік экономикаға бірігу қарқыны жоғары. Қытай-АҚШ экспортының географиясы 22%-ды, Қытай-Жапон экспортының географиясы 17%-ды құрайды. Жапония-Қытай импортының географиясы 20%-ды, АҚШ-Қытай 12%-ды, Оңтүстік Корея-Қытай 10%-ды қамтиды. «Morgan Stanley» зерттеушілер тобы 2020 жылға дейін Қытай Халық Республикасының жалпы ішкі өнімі 10 триллион долларға жетуі керек деп мәлімдейді. Жан басына шаққандағы кіріс 6700 долларға жетті.

Қытай экономикасының және сыртқы экономикалық қарым-қатынастардың қомақты жетістіктерге жетуі елдің көлік инфрақұрылымының қарқынды дамуынсыз, модернизациялануынсыз іске аспас еді. Қытай теміржол торабының ұзындығы 86 мың километрді құрады, метро ұзындығы – 5000км. Жоғары жылдамдықты теміржол ұзындығы – 3,3 мың километр. Қытайдағы жүк тасымалының 48%-ы теміржол көлігіне, 28%-ы автомобильдерге, 19%-ы кеме жолдарының көліктеріне, 5%-ы құбыр желісі көлігіне тиесілі. Жүк тасымалының көп мөлшері Қытайдың шығыс бөлігінде іске асады. Әуе көлігі де елдің көлік жүйесін же жоғары мәңге ие. Қытайда ішкі әуе тасымалы 980 бағытта, 130 халықаралық бағытта, 24 аймақтық бағытта қызмет етеді.

Қытайда солтүстік трансазиаттық дәліз «Жаңа Жібек жолы» қалыптасты. Кейбір құжаттарда бұл жолды «Екінші евразиялық құрлық көпірі» деп те атайды. Ол Ляньюньган қытай портынан орталық және солтүстік-батыс Қытай арқылы Қазақстанға дейін созылып жатыр, Ресей арқылы Батыс еуропаға шығады. Ляньюньганнан Роттердамға дейінгі



ұзындығы 10900 километрді құрайды. Қазіргі таңда бұл жол одан әрі дамып, қызметін жетілдіруде.

Қаржы жүйесінде қол жеткен бірқатар нәтижелер де Қытай қаржы жүйесі ең мықты дамыған мемлекеттердің қатарына қосады. Осындай жоғары көрсеткіштерге жетуге бірнеше факторлар әсер етті. Олар қаржы жинағының жоғары нормасы (ЖІӨ 50%-ға дейін); қатаң валюталық заңнаманың болуы; жинақ ақшалардың шетелге кететін және шетел валютасындағы қаржы жинақтарының болуын қиындатқан реттеушілік жүйенің болуы; халық алдында банк жүйесінің сенімділігі және оның дәйектілігі; инфляцияның деңгейінің бірқалыптылығы(1980-1990 жылдар аралығында 10%, 1995 жылы 17%, 1998, 1999 жылдары дефляция); қаржылық тауарлардың салыстырмалы шектеулігі (халықтың таңдау ауқымы кең болмады, банк депозиттері немесе акциялар). Шетел банктерінің саны 440-ты құрайды. Олардың 29-ы Бас компаниялар болып табылады. 2006 жылдың соңына қарай, Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруіне байланысты, Қытай шетел банктеріне өз қытай нарығында жұмыс атқаруға рұқсатнама ұсынып, Қытайдағы шетел банктері 2,4%-ға көбейді.

Қытай экономикасы дамуындағы айтқысыз жетістіктер - әлемдік тарихтың соңғы онжылдықтардың маңызды құбылыстарының бірі. Реформалар кезінде (1979-1999 жж.) ЖІӨ көлемі 5,7 есеге өсті, яғни орта есеппен 9,6 пайызға жыл сайын өсіп отырды. Жан басына шаққандағы ЖІӨ өндірісі 4,4 есеге өсті, еңбек өнімділігі (бір жұмысбастыға ЖІӨ) 3,6 есеге өсті. 1999ж. ЖІӨ көлемі 1 трлн. АҚШ долларынан астам болды. Қытайдың ірі экономикалық серіктестері саналатын АҚШ пен Еуро Одақтың сауда-саттық капиталының көлемі жекелей алғанда 100 миллиард доллардан аса мөлшерге көтерілуде.[5]

Қытай экспортының тауарларына техникалық құрал-саймандар, электронды жабдықтар мен тұтыну бұйымдары жатады. Ал Қытайға келетін импортқа болат өнімдері мен автомобильдер жатады. Халықаралық саудадағы Қытайдың белсенділігі өзге аймақтар мен елдердің экономикалық дамуына ықпал етуде. Қытай экономикасының қуатты өркендеуі шикізатқа деген үлкен сұраныс тудыруда, соның есебінен мұнайға деген әлемдік сұраныс 3 есеге артса, болатқа сұраныс 90 %-ға, мысқа сұраныс 100 %-ға өсті.

Жоғарыда көрсетілген мәліметтерге назар аударсақ қазіргі экономикалық шайқаста Қытайдың басымдық көрсетіп келе жатқандығын көруге болады. Қытайдағы әлі күнге дейін шешілмей келе жатқан мәселелер болғанымен, мамандардың пікірінше, Қытай әлемдік экономикадағы көшбасшы ел болуға толық мүмкіндігі бар және ол бұл мүмкіндікті жіберіп алмас.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Казахстанский институт «Свободное общество», Астанинский клуб. Азиатский прорыв. 2005.
2. Чжоу Синьчэн. Экономическая реформа в Китае: достижения и задачи.
3. Справочник - Китай//издательство “Синь син” , 2004.
4. Жуджунь Дин. Феномен экономического развития Китая, 2008.